



Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Қазақ тіл білімі кафедрасы



ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы,  
профессор, көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы,  
публицист М.С. Серғалиевтің 85 жылдығына арналған  
«МЫРЗАТАЙ СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ»  
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана, 2023

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



**ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор,  
көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы, публицист М.С. Серғалиевтің  
85 жылдығына арналған  
«МЫРЗАТАЙ СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ»  
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**Астана 17 наурыз 2023 жыл**

ӘОЖ 80/81  
КБЖ 81.2  
Қ70

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ғылыми кеңесі ұсынған

*Редакция алқасын басқарған:* Сыдықов Е.Б.

*Редакция алқасы:* А.Бейсенбай, Қ.Саркенова, Б. Әбдуәліұлы (жауапты шығарушы),  
Маликов Қ., Кенжалин Қ.К.

ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы, публицист М.С. Серғалиевтің 85 жылдығына арналған «МЫРЗАТАЙ СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 345 б.

ISBN 978-601-337841-1

Қазақ тіл білімінің қалыптасуы, дамуы, бүгінгі көтерілген дәреже-биігі – қазақ ғалымдарының ондаған жылдарғы ұжымдық ізденістерінің жемісі. Осы ұжымның ішінде М.Серғалиевтің есімі оқшау аталатын мамандар қатарында тұрады. Ол тіл білімі, публицистика, әдістеме бағытында қатар еңбек етіп, қазақ руханиятында өзіндік із қалдырды. Бүгінде ғалым-ұстаздың қалыптастырған ғылыми мектебі өз жұмысын жалғастыруда, сонымен қатар серғалиевтану ізденістері де басталып келеді. Жинақта жарық көрген ғалымның ғылыми мұрасына арналған зерттеулер – сол жұмыстардың нақты көрсеткіші.

Конференция Мырзатай Серғалиевтің ғылым мұрасын зерделеуге және жалпы филология мәселелеріне арналған. Жинақта отандық зерттеушілермен қатар, түркі тілдес елдер ғалымдарының тіл, әдебиет, тарих, әдістеме салалары бойынша жасаған баяндамалары мен мақалалары жарияланып отыр.

ISBN 978-601-337841-1

ӘОЖ 80/81  
КБЖ 81.2

© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2023

---

## 1-секция ҒАЛЫМ ТҰЛҒАСЫ

---

### АКАДЕМИК МЫРЗАТАЙ СЕРҒАЛИҰЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІНІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

*ЖАҚЫПОВ Ж.А.,  
филология ғылымдарының докторы.,  
профессор.  
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ.  
Қазақстан, Астана қ.*

Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, белгілі тілтанушы, әдебиеттанушы, сыншы, публицист, ҚР Жазушылар одағының, ҚР Журналистер одағының мүшесі, қоғам қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (академик болғанда да, тілтанудан орталық, солтүстік Қазақстан, Арқадағы жалғыз академик), Қазақстан ғылымы мен техникасына аса көрнекті үлес қосқаны үшін берілетін мемлекеттік стипендияның иегері, Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының құрметті азаматы, еліміздегі бірнеше жоғары оқу орындарының құрметті профессоры Мырзатай Серғалиұлы Серғалиевтің еңбегін тәптіштеп түсіндіру оңай жұмыс емес. Қаламы мен ойы жүйрік санаткердің 50 жылдай жазған үлкенді-кішілі 600-ден астам еңбегі, оның ішінде 10 монографиясы, 6 оқулығы көтерген жүктің салмағы ауыр. Серғалиевтің өзі бір мектеп, бір институт болды.

Мырзатай Серғалиұлы 1938 жылғы наурыздың 17-сінде Солтүстік Қазақстан облысы, қазіргі Шал ақын ауданы, «Жаңажол» елді мекенінде дүниеге келді. Үш жасында әкесі қан майданға аттанып (1941), анасы мен әжесінің тәрбиесінде өсті. Ол 1945 жылы туған ауыл мектебінің 1-сыныбына барып, 1955 жылы Қараоба орта мектебін тәмамдады.

Мұнан кейінгі ғұмыры, яғни ХХ ғасырдың соңғы жартысы, ҚазМУ-мен байланысты болды. Сол университеттің филология факультетін үздік бітірген жас маман ұстаздық жолын әуелді философия кафедрасында логика, эстетика, этика пәндерінен сабақ беруден бастады. Бұл тәжірибе ізсіз қалған жоқ, әдебиет сыны, тіл білімінің стилистика, тіл мәдениеті, көркем әдебиет тілі, синтаксис салаларында соны да сүбелі беруге, тілдің эстетикалық, этикалық қызметтерін парықтауға, тіл мен ойлауды сабақтастыруға ықпалын тигізді.

Тілдің стилистикасы пәнін ғалым түбегейлей зерттеді. Көптеген мақала жариялады, ұзақ жыл дәріс оқыды, бағдарлама, әдістемелік нұсқаулар әзірледі. Осындай бай тәжірибенің нәтижесінде 1966 жылдан бері өзгеріссіз келген жалғыз оқулыққа (М. Балақаев, т.б. Қазақ тілінің стилистикасы) балама ретінде жаңа жосықтағы байыпты оқулық ұсынды (Стилистика негіздері, Астана, 2006) [1]. Оқулықта стилистиканың теориялық негіздері, айырымдары, тілдің бейнелеушілік қызметі бекітілді. Сөз жоқ, бұл оқулық ендігі жерде қазақ тілін оқытындар, оқытатындар үшін аса қажет кітапқа айналады.

М. Серғалиұлының зерттеуші ретіндегі бір ерекшелігі – тілтану мен әдебиеттануға телдігі. Осы сонылығы үшін оны көркем сөз өкілдері де бағалайды. Кезінде көркем әдебиеттің Т. Әлімқұлов, С. Әшімбаев секілді дара дарындары оның пікірлерімен санасып отырғанын баспасөзден көруге болады. Ғалымның әдебиет үдерісіне белсене қатысқанын байқауға болады. Теледидардан әдебиет бойынша авторлық бағдарлама жүргізгенін де білеміз. Әдебиеттануда көркем шығармадағы кейіпкер тілі дейтін мәселеде М. Серғалиев есімін айналып өте алмайды.

Совет кезеңінде сыншы Серғалиевтің пікірлерінде совет сыншыларының лектік пікірінен өзгеше бір үрдіс болды: ол – көркем шығарманы идеология құралы деп емес, А. Байтұрсынұлы жолымен сөз өнері деп тану. Сынға қатысты 4 кітабынан («Кең өріс», «Сөз сарасы», «Ой өрнегі», «Көркем әдебиет тілі») тілдің рухани-эстетикалық қызметі жөнінде тамаша айғақтар табылады [2].

М. Серғалиев қазақ лингвистикасында тұңғыш рет М.Әуезовтің әңгімелері мен повестерін жан-жақты ғылыми-стилистикалық талдауға алған («Мұхтар Әуезов және көркем шығарма тілі», 1998). Сондай-ақ Ғ.Мүсреповтің шешендік өнері де алғаш рет әңгіме арқауы болады («Ғ.Мүсрепов және тіл мәдениеті», 2003). [3]

«Уақыт және қаламгер» (1975, 1978, 1982), «Сөзстан» (1980, 1982) ұжымдық жинақтарда қазіргі әдеби процестің елеулі мәселелеріне қатысты ой түйеді, белгілі қаламгерлердің шығармашылық портреттері, тақырып, кейіпкерлерді бейнелеу жайлы түйсік-түсініктерін білдіреді.

Әдебиетке сөз өнері тұрғысынан қарау Мырзағанның көркем шығармашылығының да арқауы болды. Прозаның шағын жанрларында жазған туындыларында сөзді ұтымды жұмсауынан, детальді ойнатуынан да осы тұрғыны көреміз. Шығармашыл адам қашан да өзгенің өнегесін өз бойына сіңіріп, дамытып өз өнегесін ұсынады. Асылы, ұлағат дегеннің өзі осы болар. М. Серғалиұлының біртуар азаматтардың бейнесін бірер деталь арқылы ғана бейнелеп беретін, көркем тілмен жазылған «Өнеге» атты эсселер жинағын оқыған адам осындай ойға тоқтайтыны сөзсіз.

Көркем шығармашылықтың және қос тілдің иесі ретінде ол – аудармаға да қалам қарымын жұмсай білді (орыс тілінде жазған, сөйлеген сөздерін бөлек тақырып етуге болады). В. Лацис, В. Кожевников, Я. Камал т.б. көрнекті жазушылардың шығармаларын қазақша сөйлетті. Тіпті, «Біржан-Сара», «Рихард Зорге» операларының орыс тіліндегі либреттосын қазақ тіліне аударғанын біреу білсе, білмейді.

Ұлттық тіл, ұлттық тәрбие, ұлттық идеология, ұлттық мәдениет пен руханият сияқты мәселелер ол кісіні әрқашан толғантып отырды. Қазаққа қатысты қай мәселе шетін болса, соған ісімен, сөзімен де, жазуымен де үлесін қосып, орынды ойлар, ұтымды ұсыныстар, ілкімді істер жасап отырғанын көрдік. Осыған орай еңбектерін түгендемей, білгенімізді жай ғана санамалап көрейікші:

- ширек ғасырдан бері екі ұлттық университеттің кафедрасын басқарды;
- ҚазМУ-да 10 жылдай факультет басқарды;
- екі ұлттық университеттерде құрылған диссертациялық кеңестерді 20 жылдай басқарды;
- «Қазақстан мектебі» журналының, «Ана тілі» газетінің т.б. басылымдардың алқа мүшесі болды;
- «Қазақ тілі» қоғамына ат салысты;
- ҚР Лингвистикалық комиссиясының мүшесі ретінде ҚР Президенттігіне үміткерлердің мемлекеттік тілді меңгеру дәрежесін анықтады (1998, 2005 жылдары);
- ҚР Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының, Астанадағы ономастикалық комиссияның мүшесі болды;
- әдеби-мәдени үдерістерге қатысты: жиындарда баяндама жасады, пікірлер айтты;
- энциклопедияларды түзуге белсенді араласты;
- Академиялық грамматика (2002) және басқадай ірі ғылыми еңбектердің авторларының қатарында болды, сарагерлік көмек көрсетті.
- көсемсөзінің өзі қомақты екі томға жүк болатын сияқты.

Тізе берсек, әлі көп сияқты.

ЖОО оқытушысының алдында, әлбетте, өзіндігі қалыптасып қалған жастар болады. Соған орай жоғары мектептерде оқытушыны, негізінен, сабақ беруші деп қарайтынымыз, тәрбие

ісіне сабақтан қалған уақытты ғана бөлетініміз рас. Академик Серғалиевтің эсселеріндегі пайымдаулардан, студенттермен қарым-қатынасынан тәрбие, ұлағат, өнеге сияқты ұстындарға айрықша маңыз беріп өткенін байқаймыз. Оның еңбектерінің библиографиясынан 80-нен астам еңбекті осы мәселеге арнағанын көруге болады. Демек, ұрпақ тәрбиесі дейтін парызын толымды өтеп кетті дей аламыз.

Ғалым туған тілге деген құрмет сол тілдің мәдениетін сақтаудан көрінетінін жанды да нақты айғақтармен дәлелдеп отырды. Күнделікті сөйлеуде, мерзімді баспасөзде, теледидар мен радиохабарларда ана тілімізге салақ қараудан болатын қараулықтарға тілтанушы жайбарақат қарап отыра алмады. Өзіне тән мәдениеттілікпен дабыл көтеріп жүрді. Ғұмырының соңына дейін ортологиямен үздіксіз айналысты.

Ұстаз ғалым көп жыл бойы тіл мәдениетінен дәріс оқыды, сол саладан көптеген ғылыми мамандар даярлады, тіл мәдениетінің санаттарын саралап зерттеді. Ұстаз алдындағы парызды бәрінен биік қойғандықтан ол М. Балақаевқа қосалқы автор ретінде оның кітабын толықтырып, өзгертіп «Қазақ тілінің мәдениеті» (1995) оқулығын ұсынды. Мұнда тіл мәдениетін ғалым сөзді дұрыс қолдану ғана емес, адами, рухани мәдениеттің тірегі, қоғамдық қарым-қатынастың сапасы ретінде көрсете білді.

Халыққа қажетті игілікті істердің бірі – сөздік түзу. Білген адамға сөздік деген сөздердің тізбесі емес, ұлттық қазына. Осы қазынаға М. Серғалиевтің қосқаны қомақты. Оның «Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі» (1996), «Орысша-қазақша сөздігі» (1993, 1995, 2001), «Орысша-қазақша, қазақша-орысша» сөздіктерінің (2004) тілаларлық түйткілдерді тарқатуға жәрдемі тиері сөзсіз.

Қазақ тілі синтаксисінің ХХ ғасырдың соңғы ширегінен осы күнге дейінгі зерттелу жайын Мырзатай Серғалиев есімінсіз елестету қиын. Ғалым етістікті сөз тіркесінің мәндестігі мәселесінен 1967 жылы кандидаттық диссертация, синтаксистік синонимдер мәселесінен докторлық диссертация қорғаған. Осының негізінде 1981 жылы «Синтаксистік синонимдер» атты монографиясы жарық көрді. Сөйтіп, қазақ тіл білімінде грамматикалық синонимия теориясының негізі қаланған еді. Мамандар грамматиканың функционалдық-семантикалық заңдылықтарын зерттеуді осы ғасырдың еншісіндегі жаңа үрдіске жатқызып жүр. Ал, М. Серғалиев енді ғана қағидаға айналып келе жатқан бұл үрдісті ширек ғасыр бұрын бастап, креативті ойдың үлгісін нұсқап, алғашқы соқпақты салып үлгерген еді. (*ФСӨ туралы түсіндіре кету*) Синтаксистік синонимдердің түзілістерін саралай келе зерттеуші сөз тіркестерінің әр түрінің, сөйлемдердің әр түрінің бір-бірімен мән-мағыналас бола алатынын тілдік мол айғақтармен дәлелдеп берді [4].

Енді М.С. Серғалиев еңбектерінен талдауға тілдік айғақтар ұсынамыз.

### ЕТІСТІКТІ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ СИНОНИМИЯСЫ

1. Сөз нысанын білдіретін сөз тіркестері:

*Мен әжемді ең бақытты адамдардың бірі санаймын. Мен өзімді бұл жолдаспен ... сырын түйген адамдардың біріне санаймын. Патшалық Россияның шет аймақтарынан саналып келген Орал қаласы ...*

2. Құралдық қатынасты білдіретін сөз тіркестері:

*Мейрам әлдекімге ... телефон арқылы әмір етті. ... маған телефонмен хабарламақ болды. Сол жылдары ... әндерін радиодан ... беруші еді.*

3. Бөліну, даралану ұғымын білдіретін сөз тіркестері:

*Абай ағамнан айырылысу... Абай ағаммен айырылысу*

4. Бірлестікті, тұтастықты білдіретін сөз тіркестері:

*Үй ішімен амандасу Үй ішіне амандасу*

5. Қимылдың нысанға әсерін білдіретін сөз тіркестері:

*Жүрегіне оқ боп тиген... Жүрегінен тиген оқтай*

6. Тура нысанды білдіретін сөз тіркестері:

*Жаттың атына мінген* – жаяу қалады. *Атты күнде мінсең* – тулақ, аптада мінсең – қунақ.

Кеңістіктік, амалдық, себеп-салдарлық, мақсаттық қатынастағы сөз тіркестерін де осылайша дәлелдейді.

### ЕСІМДІ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ

Дәстүрлі синтаксисте есімді сөз тіркестерін анықтауыштық қатынас деп тұтастай қарайды. М.С. Серғалиев мұны функционалдық мағыналарға жіктейді.

Арнау мағынасы: *ет үй, етке тіккен үй, жыршыларға бөлінген үй*

Меншік мағынасы мен арнау мағынасының астасуы: *автобус аялдамасы, керосин шам, электр шам*

Заттың белгісін, қасиетін білдіретін тіркестер: *бойы сорайған адам, ұзын бойлы жігіт*

Кеңістік қатынаста: *қырдағы ел, қыр елі*

Мезгілдік қатынаста: *жазғы ауыл, күзгі дауыл*

### СӨЙЛЕМДЕР СИНОНИМИЯСЫ

1. Шарт мәнділік құрмаласта ғана екен. Сабақтастың өз ішінде және салалас пен сабақтас арасында

2. Қарсы мәнділік құрмаластар ішінде және жай мен құрмалас арасында: *Танығанмен амандаспадым. Ол танығанмен, мен амандаспадым*

3. Ыңғайлас мәнділік құрмаластар ішінде және жай мен құрмалас арасында *Ол келді де, мен кеттім. Жұмажанды шақырып алдым да танкіні құртуға бұйрық бердім.*

4. Мезгіл мәнділік құрмаластар ішінде және жай мен құрмалас арасында *Ол келгенше, біз ұйықтамадық. Ұйқым келгенше отырдым.*

5. Түсіндірме мәнділік құрмаластар ішінде және жай мен құрмалас арасында:

*Жақсы ойланған қулық көзге көрінбейтін жылан секілді: жек көретін кісінің ысқырып алдынан шығады, жақсы көретін кісінің бұйығып қойнында жатады.*

*Жақсы ойланған қулық жек көретін кісінің ысқырып алдынан шығатын, жақсы көретін кісінің бұйығып қойнында жататын жылан секілді.*

6. Себеп-салдар мәнділік құрмаластар ішінде және жай мен құрмалас арасында:

*Шынында, енді ойлап қараса, інісінің айтқаны рас: баяғы көңіл түзу кезінде Кәленді бұл ауыл көп пайдаланды.*

*Шынында, енді ойлап қарады. Інісінің айтқаны рас. Көңіл түзу кезде Кәленді бұл ауыл көп пайдаланды.*

7. Салыстырмалы мәнділік құрмаластар ішінде болады

8. Мақсат мәнділік құрмаластар ішінде болады. Дәстүрлі синтаксисте бұл сабақтас құрмаласта ғана қаралады.

Сабақтас: *Күні бойы жортқан аттар аз ғана тыныс алсын деп, жүргіншілер енді бір суаттың басына келіп түсті.*

Салалас: *Күні бойы жортқан аттар аз ғана тыныс алғаны дұрыс, сол үшін жүргіншілер енді бір суаттың басына келіп түсті* [5].

Ғалым қазақ синтаксисінің басқа да деңгейлерін жүйелі зерттеді. Синтаксистік байланыс заңдылықтары, сөз тіркесі, сөйлем бойындағы құбылыстар төңірегіндегі көкейтесті сауалдарға жауап іздеп тапты. Ғалымның қазіргі қазақ тіліндегі салаласа байланысқан сөз тіркестері, сөйлемнің күрделі мүшелері, үйірлі мүшелер, еркін сөз тіркесі мен сөйлемнің арақатынасы, сондай-ақ еркін сөз тіркесі мен тұрақты сөз тіркесінің арақатынасы мәселелеріне байланысты өзіндік пікірлері де авторлар ұжымының «Қазақ грамматикасы» (2002) және өз авторлығымен

жарық көрген кітаптары «Синтаксистік зерттеулер» (2004); «Синтаксистік зерттеулер» (Павлодар, 2006); «Синтаксис мәселелері» (2006) т.б. беделді басылымдардан орын алған [6].

М. Серғалиевтің тыңға түрен салып синтаксис санатына кіргізген тағы бір бірлігі – құрмалас сөйлемнен де үлкен бірлік, күрделі синтаксистік тұтастық. Ол бұған арнап алғашқы болып оқу құралын (КСТ, 1989) шығарды, кейін 2002 жылғы АГ-дағы осы тараудың авторы М. Серғалиев болды.

Академик М. Серғалиевтің санаткер ғалымдығымен қатар сарабал әдіскерлігі де ел ұстаздарына, оқушыларына белгілі. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің өзекті бір саласы оқулық түзуге оның қосқан үлесі аз емес. ЖОО-ға аранлаған атаулы алты оқулығын айтпағанда, оқуға түсетін талапкерлерге арналған «Қазақ тілісі» үш рет қайта басылды (1979, 1992, 1994), ол әлі де мектеп түлектерінің қажетін өтеп келеді. Кезінде қазақ тілі пәнінен жарияланған сапалы деген оқулықтардың көбі Серғалиев сүзгісінен өткен.

Алып жүрек 2011 жылдың 23 шілдесінде тоқтады, ақылман аға 73 жасында дүниеден озды. Қазақ тілі мәңгілік елдің мәңгілік тілі болатынына сенсек, Мырзатай Серғалиев есімі де ұмытылмайтынына сенемін.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ:

1. Серғалиев М.С. Стилистика негіздері. – Астана, 2006.
2. Серғалиев М.С. Көркем әдебиет тілі. – Алматы: Мектеп, 1995.
3. Серғалиев М.С. Мұхтар Әуезов және көркем шығарма тілі. – Алматы: «Қазақ университеті», 1998; Ғ. Мүсірепов және тіл мәдениеті. Астана. «Күлтегін», 2003.
4. Серғалиев М.С. Синтаксистік синонимдер. – Алматы: Мектеп, 1981.
5. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002.
6. Серғалиев М.С. Синтаксистік зерттеулер. – Астана, 2004.

#### АКАДЕМИК М.СЕРҒАЛИЕВ СТИЛІНДЕГІ ДАРАЛЫҚ

*ӘЛІСЖАН С.Қ,  
Назарбаев Университеті, филология  
ғылымдарының докторы,  
Қазақстан, Астана қ.*

Академик М.Серғалиевтің ғылыми шығармашылығының ауқымы өте кең болғандығы бәрімізге белгілі [1]. Ғалым негізгі айналысатын таза тілдік зерттеулердің аясынан шығып, әдебиеттану саласында, әсіресе сыни еңбектерін дүркін-дүркін жариялап отырды. Эссе үлгісінде жазылған шағын әңгімелері, естеліктері өзінше бір төбе [2].

Тіл білімінің түрлі саласы, әдебиеттану мәселелері, көсемсөз қырлары, тіл мәдениеті т.т. көптеген саладағы еңбектері ғалымның ғылыми ізденісін құрайды. Осындай мол мұраның ден ортасында – көркем әдебиет тілі тұрды. Көркем әдебиет тілі М.Серғалиевтің ең бір ұзақ, әрі тынымсыз зерттеген саласы, классиктерден бастап қазіргі жазушылардың шығармаларына дейін зерттеуші назарынан тыс қалмады. Атап айтқанда, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, С.Мұқанов, Т.Әлімқұлов, С.Шаймерденов т.б. сөз майталмандарының еңбектері дәстүрлі әдіспен тілдік тұрғыдан сараланды [3]. Кейіннен бұл игілікті іс академиктің ғылымдағы шәкірттері тарапынан жалғасын тапты [1, 57-58 бб].

Осы орайда шығарма тілі туралы осыншама мол мұра қалдырған академиктің өз еңбектерінің тілі қалай өрбіді деген заңды сауал туындайды. Әртүрлі мазмұндағы мәтіндердің тілін зерттеген ғалымның мәтін түзудегі өзіндік ой-көзқарасы болғандығы анық. Көп жыл бірге